

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ФОРМИРОВАНИЮ
ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

**Астана
2016**

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген*

Пікір жазғандар:

Салиева А.Ж., п.ғ. к., доцент
Махамбетова М.Ы., меңгеруші
Дуйсенбенова С.Д., әдіскер

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: 2016. 40 – бет.

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру бойынша материал ұсынылған.

Аталған құрал мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагог қауымға, ЖОО мен колледждердің «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы бойынша студенттеріне және ата-аналар қауымдастығына арналған.

Әдістемелік ұсынымдар «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде (№5 хаттама 2016 ж 05 шілде) қаралып ұсынылған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығы, 2016

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту- күрделі және ұзақ процесс, мұнда балалар алғашқы көркем әсерді сезінеді, өнерге араласады, көркем іс-әрекеттің әртүрін меңгереді.

Балалардың шығармашылығын дамытудың маңызды факторларының бірі – олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін жағдай жасау болып табылады. Балалар шығармашылығы бала дамуының, атап айтқанда оның көркем қабілеттерінің маңызды факторы қызметін атқаратын еліктеуге негізделген.

Шығармашылық әрекет дегеніміз - нәтижесінде әлем туралы жаңа білім алуды немесе шындықты бейнелейтін жаңа қарым-қатынас жөнінде қандай да бір жаңа өнім алуды білдіреді. Шығармашылық әрекеттің нәтижесі баланың тәжірибесіндегі бұрын игерген әсерлері мен әрекеттерді жаңғырту емес, жаңа бейнелер немесе әрекеттер құру. Әрекеттің бұл түрі шығармашылық қабілеттерге негізделеді.

Шығармашылық қабілет – бұл түрлі шығармашылық әрекеттің жемісті орындалуын айқындайтын адамның жеке епекше өзіне тән қасиеттері. Шығармашылық элементі адам қызметінің кез келген түрінде, тек көркем шығармашылық қабілетінде ғана емес, сондай-ақ техникалық шығармашылық, математикалық шығармашылық қабілеттерінде де көрінуі мүмкін. Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашыл тұлғасын дамытудың негізі педагогикалық жұмыс болып табылады.

Бүгінгі күні балалар шығармашылығын дамыту өзекті мәселелердің бірі. Мектепке дейінгі жас тек бейнелі ойлауды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық әрекеттің негізін құрайтын қиялды, психикалық процестерді дамытуға қолайлы кезең.

Әдістемелік ұсынымның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсету, олардың кәсіби шеберліктерін арттыру.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін факторларды анықтау;

- мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту процесі барысында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру арқылы жетілдіру;

- мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру.

Сонымен дұрыс ұйымдастырылған тәрбиелеу-оқыту процесі балалардың қоршаған ортада оларды оң, жағымды қатынасқа баулыған, оларды толғандырған заттар мен құбылыстарды бейнелеуге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Аталған құрал мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыру үшін нұсқаулық болып табылады.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУҒА ҮШІН ЗАТТЫҚ-ДАМУШЫЛЫҚ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепке дейінгі балалық кезеңде тұлғаның даму негіздері қаланады және шығармашылық қабілеттері қалыптасады. Әрекеттің бір түрінде көрінген қабілет, басқа да қабілеттердің дамуына сапалы ықпал етеді. Осыған байланысты, әрекеттің алуан түрінде мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық шығармашылығын іске асыру үшін жағдайлармен қамтамасыз ету бала дамуының негізі болып табылады. Жеке тұлғаны қалыптастыру әр балада өмірлік мақсат туралы ұғымды қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогиканың маңызды міндетінің бірі. Бала ортаның бейнесін жасап алып, оны шындықпен салыстырады, өзінің елестетуіне сәйкес қайта түрлендіреді.

Мектепке дейінгі ұйымның міндеті балаға шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, әлемнің бейнесін қайта құрудың тәсілдерін танытуға және өнердің тілін түсінуге, танымдық-эстетикалық және мәдени-коммуникативтік қажеттілікті еркін таңдауды іске асыруға мүмкіндік беретін әлеуметтік мәдени заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны модельдеу балалардың өзара әрекетіне, ынтымақтастығына, бірлесіп үйренулеріне жағдай жасайды. Егер ортада мәдени-танымдық дамуы жеткілікті жоғары деңгейдегі балалар болса, олар қызықты модельдерді, бейнелерді шығармашылықпен құра алады немесе, керісінше сенсорлық тәжірибесінің даму деңгейі төмен балалар болса, ортадағы орналастырылған элементтердің үлгілері оларға да жемісті нәтиже алуға мүмкіндік береді.

Педагогтың міндеті – балалардың еліктеуге бейімділігіне сүйеніп, оларға шығармашылық әрекетке қажетті дағдылар мен біліктерді дарыту, дербестікті, алған білімдері мен біліктерін қолдануда белсенділікке тәрбиелеу, сын тұрғысынан ойлауды, мақсаттылықты қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланы дамыту ортасы – мектепке дейінгі білім берудің маңызды компоненті. Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құрудың шарты адамдар арасындағы өзара әрекетке тұлғалық-бағдарланған модельге сүйену болып табылады, ол бірқатар жағдайларды іске асырады:

-мүдделері мен қажеттіліктерін құрметтеу: бос орын мен уақыт қорын, зерттеу бостандығын ұсынуды көздейді. Балалардың дербес эксперимент жүргізуін және ізденіс белсенділігін жандандыру қажет, оларды орындалатын әрекетке шығармашылық қатынасқа, өзін көрсетуге ынталандыру;

-пікірлері мен жеке ұстанымдарын құрметтеу: жеке жайлылық атмосферасын құру. Түсіністік, баланың жеке пікірін ескеру, ересек өзін баланың орнына қоя білуі сияқты қарым-қатынас әдістерін айқындаушы болып табылады;

-мектепке дейінгі ұйымдағы орта отбасындағы жағдаймен салыстырғанда, баланың танымдық қызығушылықтарын дамыту және қалыптастыруды, оның еріктік сапаларын, эмоциялары мен сезімдерін ынталандыратындай, қарқынды дамыған болуы тиіс. Бұл мектеп жасына дейінгі балаларға өзінің қызығушылықтары мен тілектеріне сәйкес бір уақытта бір-біріне кедергі келтірмей, іс-әрекеттің әр түрімен айналысуға мүмкіндік береді;

-жеке тұлғаның қалыптасқан қажеттілігіне негізделген баланың белсенділік танытуы (танымдық, көркем, қимыл);

-бала қажеттілігінің көптүрлілігі оларды қанағаттандыру үшін әрекеттің алуан түрлілігін тудыруға себепкер болады.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға тән іс - әрекет түрлері: қарым-қатынас, заттық және көркем әрекет, ойын, еңбек, оқу мазмұны бай тәрбиелік әлеуетті қамтиды.

Үш жастағы балаларға жеткілікті үлкен кеңістік қажет. Олар әсіресе еденде белсенді ойнайды, олардың көз алдында алуан түрлі және қол жетімді ойыншықтар әлемі болуы тиіс. Олар үшін ең жабдықталған аймақ биіктігі 75-100 см еденнен жоғары қабырғалар және еденнің өзі болып табылады.

Төрт жастағы балалар үшін заттық-кеңістіктік дамытушыны ортаны қосылатын, басылып, айналатын серпінді ойыншықтармен толтыру маңызды.

Өмірінің бесінші жылында шағын топтардың оңашалануына орындар бөлу, тұйықталған кеңістік шегінде өзінің ойын әлемін құрастыру талап етіледі.

Мектепке дейінгі ортаңғы топ балалары екі-үш баладан құрылған шағын топтарға арналған оңашалану орындарын қызығушылықпен қолданады. Ересек балалар үшін көпфункционалды кеңістікті модельдеу (театрлық- музыкалық және әдеби бұрыштар), танымдық, ойын, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік, шығармашылық және өзге де қажеттіліктерін дамыту мақсатында көп деңгейлі ойын кешендерін құру өзекті болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелік мүмкіндіктерін ескеріп, шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың міндеттері. Оларды төрт топқа біріктіруге болады:

Бірінші топқа- қабылдау, қоршаған шындық бейнелері, эмоция, сезім, қажеттілік, талғам, қатынас, мүдделердің қорын қалыптастыруға бағытталған міндеттер енеді.

Екінші топтың міндеттері балалардың санасының элементтерін қалыптастыруды қамтиды (ұғымдардың және білімнің, талқылау мен бағаның көлемі). Ол үшін балаларды қоршаған ортаға деген дұрыс қатынаспен және әсемдікті түсінумен қаруландырып, әдемілікті немесе кейіпсіздікті, күлкілі немесе қайғылыны дұрыс анықтаудың әртүрлі эталондарымен таныстыру.

Бұл алуан түрлі эталондар: сенсорлық (заттардың қасиеті мен сапасы- пішіні, түсі, дыбыстары), эмоционалдық (қуаныш, уайым, қайғы, таңдану, мұң), өнертану (өнер түрлері мен жанрлары, мәнерлілік құралдары, кейбір суретшілер мен

композиторлардың есімдерін білу), эстетикалық (әдемі, тартымсыз, күлкілі, батырлық).

Үшінші топ балаларды белсенді әрекетке тартуға көмектеседі:

а) көркем қабылдауды дамыту;

ә) орындаушылық көркем әрекеттің бастапқы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

б) балалардың шығармашылық біліктері мен дағдыларын тәрбиелеу, әсемдік элементтерін тұрмысқа, табиғатқа, өз келбетіне, адамдармен қарым-қатынасқа белсенді енгізу.

Төртінші топқа әр баланың жалпы және арнайы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған міндеттер енеді. Жалпы қабілеттер-бұл сенсомоторлық даму, эмоционалдық елгезектікке қабілеттілік, шығармашылық қиял. Арнайы қабілеттерге шығармашылық қиял, көру сезімталдығы, кеңістік және түс қатынастарын толық және оңай қабылдау, көру есінің жақсы дамуы, қолдың шеберлігі, эмоционалды көңіл-күй тудыратын эмоционалдық сезімталдық жатады.

Осы міндеттерді шешу дұрыс ұйымдастырылған заттық-кеңістіктік дамытушы ортада ғана мүмкін болады. Қабылдауды, сезімді, бағалауды, эстетикалық талғам негіздерін қалыптастыруға ықпал ететін балабақша интерьерін, ауласындағы құрал-жабдықтарды және жер телімдерін, заттық орта: жиһаз, ойыншықтар, ұйымдастырылған оқу қызметінде және одан тыс уақытта балалардың көркем әрекетін ұйымдастыру үшін құралдар және материалдармен безендіру.

Мектепке дейінгі ұйымдар топтарында заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның бұрыштарын безендірудің ерекшеліктері.

Балалардың шығармашылық белсенділігі үшін топтағы ұйымдастырылған жағдай балалардың дербес іс-әрекетін дамытуға және қалыптастыруға ықпал етеді. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның бұрышы балалар шығармашылығының орталығы болуы үшін оның безендірілу және жабдыкталу жағдайына көңіл бөлу қажет, атап айтқанда:

- шығармашылық аймақтың орналасуы: қол жетімділігі, эстетикалығы, жан-жақтылығы, қозғалғыштығы;

- безендіруде балалар дизайнін пайдалану;

- ойын кейіпкерінің бар болуы;

- материал: әртүрлілігі, жас ерекшелігінің талаптары, қол жетімділігі, сақтауға және пайдалануға ыңғайлылығы;

- сурет салу, мүсіндеу, жапсыру үшін құрал-жабдықтар, жұмыс орнын тазалау үшін шелек және шүберек;

- түспен жұмыс (көрнекі оқу материалы, дидактикалық ойындар);

- үлгілер (ойыншықтар, халық кәсіпшілігінің заттары, шағын-мұражайлар болуы мүмкін);

-қол еңбегі бұрышы (маталардың, тігістердің, жіптердің, ленталардың үлгілері, кестелеуге арналған кесте кергіш, түрлі түсті майлықтар және т.б. материал).

Балаларды өнер әлеміне тарту, қоршаған орта объектілерінің эстетикалық белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру, білуге құмарлығын, табиғат әсемдігін көре білу қабілетін дамыту, сондай-ақ мектепке дейінгі кіші жаста бейнелеу іс-әрекетіндегі алғашқы техникалық дағдылары мен біліктерді қалыптасады.

Топтардағы жағдай балаға немен айналысатынына өздігінен таңдау жасайтындай болып құрылады. Әр топ бөлмесі бірнеше орталықтарға бөлінеді, олардың әрқайсысында зерттеуге, өнімді іс-әрекетке және ойындарға арналған материалдар санының жеткілікті болуы қажет.

«Өнер» орталығы. Бейнелеу іс-әрекеті бойынша балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – ұзақ процесс және ол арнайы, бірізді оқытусыз мүмкін емес. Мектеп жасына дейінгі балалар республикада тұратын халықтардың ұлттық мәдениетімен танысады; халықтық-қолданбалы шығармашылықтың әдістемелік және көрнекі материалдары, ұлттық костюмдегі қуыршақтар қойылады. Бейнелеу дағдылары мен біліктерін дамыту бойынша барлық жұмысты екі кезеңге бөлуге болады:

I кезең ересек пен баланың бірлескен қызметінің негізінде құрылады. Алғашқы кезде педагог дауыстап айта отырып, суреттің бөлшектерін өзі салады. Әрі қарай балалар суреттің сюжетін және бөлшектерін түсіндіреді. Жанды және эмоционалды қарым-қатынас сурет салуға деген қызығушылықты арттырады. Осы кезеңде арнайы ойындар мен жаттығулар жүргізіледі: «Неге ұқсайды?», «Осыған ұқсас затты тап», «Сен дақтардан не көрдің?». Сенсориканы, қолдардың қозғалысын дамытуға арнайы жаттығулар жүргізіледі, мысалы «ақ гуашьті басқа бояуларға қосып, оны табуға көмектес». Нәтижесінде ашық түс пайда болады. Балаларды негізгі түстің реңктерімен таныстырады. Біртіндеп қызғылт сары, көгілдір, қызғылт түстерді алуды үйренеді. Балалар түстерді салыстырады, қай түстің негізгі түс екенін, қай түстің қосылғанын және қандай мөлшерде қосылғанын айтады. Сурет салуға ынтасын тудыру үшін, бала оқиғаға қатысып және кейіпкерлерге қиын жағдайда көмектеседі, мысалы, «Қоянға жолды табуға көмектес».

II кезеңде дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдері енгізіледі. Балалар саусақтарымен және алақандарымен сурет салуды үйренеді. Әдемі гүлдер, бұлттар және түрлі - түсті балықтардың суреті алынады. Тәсіл қарапайым және балаларға түсінікті. Бала саусақтарын бояуға малып, қағаздың парағына дақтарды жағады, олардың нәтижесінде балаларға қуаныш сыйлайтын «Әдемі гүлдер», «Күннің көзі қыдырып жүр» тақырыбындағы суреттер пайда болады.

Бала бояумен ұқыпты жұмыс жасауды үйренгеннен кейін, алақанымен сурет салуды бастайды. Бояуды жағу тәсілі саусақпен сурет салумен бірдей болып

келеді. Бояуды сорғышпен немесе қылқаламмен алақанға тұтастай жағады және қағазға басып із салады. Салып болғаннан соң саусақтарын майлықпен сүртеді. Балалар саусақпен және алақанмен сурет салу бірізділігінің ережесін меңгергеннен кейін, оларға парафин майшамын қолданып, «сиқырлы парафин» ойынын ойнау ұсынылады. Пішін салады, оған жақпалар мен дақтарды жағады, содан кейін барлығын бояумен бояйды, ғажайып көрініс – альбом парағында жапырақтар, қарлар, «себеттегі көкөністер», «қар жамылған ағаштар» пайда болады. Балалар таңбалармен және трафареттермен жұмыс істеуді үйренеді. Көмекші құралдар баланың қолын дамытады. Пішін мен түсті қабылдауды дамытады. Мысалы, ағаштың суретін салады немесе көп ағаштар мен бұталарды басып шығарады. Орманды жануарлармен, құстармен, өсімдіктермен толтырады. Біруақытта танымдық міндеттер де шешіледі. Біртіндеп балалар түрлі бейнелеу материалдарымен танысады және жұмыс барысында оларды қолданады. Олар бояулармен, борлармен, қарындаштармен, фломастерлермен сурет салады. Көмекші құралдарды-таңбаларды, майшамдарды, поролонды пайдаланады. Барлық бейнелеу материалдары балалар үшін қолжетімді жерде орналастырылады, бала материалдарды ерікті таңдайды.

Балаларға түрлі пішінді және көлемді заттарды бейнелеуді үйреткеннен кейін, басқа қызықты бейнелеу технологияларын үйрету басталады. Балалар графикалық бейнелерді бедерлеу - «монотипия» техникасымен қызығушылықпен айналысады. Олар көбелектер, үйлер, ағаштар және басқа да көптеген заттарды бейнелейді.

Монотипиямен жұмыс жасаудың екі тәсілі бар:

- біріншісі парақтың бір жарты бөлігіне сурет салады да (түрлі түстер қолдану), парақты ортасынан бүктейді және оны тегістейді, парақты ашады, сурет дайын, кейіннен оған жетіспейтін бөліктерін салып аяқтауға болады.

- екіншісі бұл таңба, балалар сопақша және бұрышты пішінді заттардың суретін салады. Қатты парақ қағазға гуашьпен сурет салады, содан соң таза параққа басып шығарады. Сурет сәл бұлдыр болып шығады, ондай кескіндеме баланы сурет салуға бей-жай күйде қалдырмайды. Балалар қиялдап, өздерінің сюжеттерін ойластырады. Ашық «барқыт» түсті ашық хаттар түріндегі суреттер әдемі және ерекше болып келеді. Балалар қағаздан өрнек, пішін, гүл қияды, сосын өрнекті ашық хат үшін дайындалған қатты қағазға қояды, өрнектің үстінен тиынмен басады және шашырату тәсілімен (ескі тіс щеткасын бірнеше рет гуашь бояуының үстінен жүргізеді) бояуды қағаз парағына шашыратады. Қағаз өрнекті алғанда ашық хат дайын болып шығады. Мұндай ашық хаттарды мерекелерге балалардың бос уақыттарында дайындайды. Осылайша, балалар біртіндеп барлық техникаларды меңгереді. Олар неғұрлым дербес, өздеріне және өздерінің күштеріне сенімді бола бастайды. Олар түрлі материалдармен сурет сала алады, суреттер үшін өзінің сюжеттерін ойластырады.

- *«Kіman» орталығы.* Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік шығармашылығында бастамашылдықты және шығармашылық қиялды дамытуға мүмкіндік беретін бірнеше оқыту тәсілдері бар. Ең қарапайым тәсіл- педагогтарға балалардың әңгімелеріне әсер ететін сюжетті дамытудың бірнеше нұсқаларын ұсыну. Басында педагог ұсынған нұсқаларды ұстану қажет, содан кейін балаларға әңгіме ойлап құрастыруға тапсырмалар беріледі.

Келесі тәсіл - педагогтың бастаған әңгімесін балалардың аяқтауы (оқиғаның соңын ойластыру), ол оқытудың бастапқы кезеңінде қиялды дамыту үшін тиімді болып табылады.

Қиял мен сөйлеуді белсендіру мақсатында келесі тәсілдерді қолдануға болады: тақырыптарды саралау әңгімелеуші тұлғаға қатысты («Қыз бала қалай күшік тауып алды»), әңгімеге кейіпкерлердің тікелей араласуы, оқиғалар сюжетінің дамуын бейнелейтін сурет топтамаларын пайдалану. Балалардың ертегі сюжетін құрастыруы әдеби мәтіннің драматургия тәсілдерін (қайталаулар, соңы, сиқырлы құбылыстар нұсқалары, ертегі кейіпкерлерінің қарама-қарсы бейнелері) меңгеруді ұсынады. Сюжеттің дамуы шығармашылық қиял тәсілдерінің кең ауқымды спектрін (гиперболизация, агглютинация, қайта жаңарту, типтеу) және шығармашылық ойлау жұмысын (жалпылау, схемалау, нақтылау) пайдалануды талап етеді.

- *«Драматизация» орталығы.* Балалар ересектермен бірге сахнаны безендіреді, спектакльдерге костюмдерді ойластырады - бұл балаларды театр мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған іс-әрекет барлық психикалық процестердің (көркем-тілдік, музыкалық-ойын, би, сахналық) дамуына ықпал етеді.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың маңызды факторларының бірі театрландырылған іс-әрекетке жағдай жасау (қуыршақ спектакльдерін қарау және олар бойынша әңгіме жүргізу, драматизация ойындары, ертегілерді сахналау, иллюстрация бойынша рөлдік диалогтар).

Театрландырылған ойындар бейнелеу құралдарына байланысты екі негізгі топқа бөлінеді: режиссерлік және драматизация ойындары. Бала драматизация ойындарында бейнеге еніп, сол бейненің іс-әрекетін орындайды.

Драматизация ойындарының түрлері:

- еліктеушілік ойындар (балалар жануарлардың, адамдардың, әдеби кейіпкерлердің бейнелеріне еліктейді);

- мәтін негізіндегі рөлдік диалогтар; - ойдан құрастыру ойыны- бұл алдын-ала дайындықсыз сюжетті ойнап көрсету;

- пантомима ойыны- сюжетті немесе оқиғаны сөздерді қолданбай, ым-ишараның көмегімен беретін сахналық қойылым түрі;

- пантомима ойыны ымды, қимылды, мимиканы басқару дағдыларын дамытуға, өзінің эмоциялары мен сезімдерін дұрыс білдіруге көмектеседі;

- құрылымдық ойындар- мәтіннің мазмұны бойынша шағын драматизация;

-орындаушының іс-әрекетіне негізделген («Балықшы-мысық»), «Саңырауқұлақтың астында») драматизация ойындары.

Режиссерлік ойындарда бала қатысушы тұлға емес, ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындайды. Бұл ойындарда бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады, пантомима шектелген.

Режиссерлік ойындардың түрлері:

- көлеңке театры;
- қуыршақ театры (бибабо);
- үстел үсті ойыншықтары театры;
- фланелеграф.

Театрландырылған ойын ойлаудың, қиялдың дамуына, көргені мен оқығанын талдай білуге, жанашырлық танытуға ықпал етеді, балаларды бейнені көркем құралдармен жеткізе білудің құралдарымен байытады.

«Музыка» орталығы. Балалар музыкалық шығарманы, әнді тыңдап, олардан сезінген көңіл-күйдің суретін салады.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Көркем шығармашылық қабілеттерді дамыту мәнерлеп оқу құралдарын меңгеруіне, ерекше болуға, құрылатын бейне вариативтілігіне байланысты, сондықтан алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін, мынадай жұмыс формалары қолданылады:

- жеке: жеке ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық жұмыс басшылығын шеберлікпен және жаймен жүзеге асыру, баланы бейнені беру үшін көркем мәнерлілік құралдарын өз бетімен табуға үйрету;

- ұжымдық: бұл үлгі сүйікті ертегілер желісі бойынша, жыл мезгілдері және т.б. тақырыптық жұмыстарды өткізгенде өз жемісін береді;

- байқауларға, көрмелерге қатысу: сурет көрмелерін ұйымдастыру, сурет галереясын құру, балалардың түрлі шығармашылық байқауға қатысуы.

Дәстүрлі емес көркем техниканы меңгерту мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың суреттерінде көркем бейнелерді айқындауын арттыруға, олардың бейнелеу іс-әрекетіне деген эмоционалды-дұрыс қарым-қатынасын қолдауға, балалардың көркемдікті беруде қажеттіліктерін қанағаттандыруға, бейнелеу шығармашылығын дамытуға ықпал етеді.

Дәстүрлі емес көркем техниканы іріктеу және дәйекті түрде тәжірибеге енгізу, алдыңғы әрбір техниканы игеруге, қысқа мерзімді кезеңде одан неғұрлым күрделірек көркем міндеттерді игеріп, балалардың бейнелеу шығармашылығын дамытуға бағытталған.

Әдістері:

- әртүрлі көркем мәнерлілік құралдарын қолдану, балаларға түрлі бейнелеу құралдарымен тәжірибе жасап, бейнелеу шығармашылығын дамытуға мүмкіндік береді;

- түрлі бейнелеу техникасымен танысу, соның ішінде дәстүрлі емес техникамен таныстыру: кляксография, воскография, ермексаз живописі, монотипия, граттаж және т.б;

- ертегі – ойындар: ойын әдісі мен құралы арқылы баланы жан-жақты дамыту;

- маусымдық кезеңдерді бақылау, көркем мәнерлілік құралдардың көмегімен өздерінің эмоционалды көңіл-күйін білдіреді, табиғат колоритін, пейзаж суретін салуға тырысады;

- халық ауыз шығармашылығымен таныстыру эмоционалды қайырымдылығын дамытуға, суретте өз пікірін білдіру қажеттілігіне ықпал етеді;

- АКТ-ны қолдану.

Тәсілдер мен әдістерді пайдалану күрделілігі баланың барлық даму кезеңдерінде психологиялық және жас ерекшелігіне тікелей байланысты. Шығармашылық әрекет арқылы бала өзінің шығармашылық сиқырлы әлемін ашады.

Мәдени мақсатқа бағытталған қоғамның арнайы әрекетінсіз шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу мүмкін емес. Балалардың көркем шығармашылығы тұлғаның әлеуметтік-мәдени даму міндеттерін шешуге көмектеседі. Әрбір бала көпшілік алдында өзінің жеке және ересектермен бірлесе жасаған шығармашылығының нәтижесіне қуанатындай, өзінің жетістіктерін бір-бірімен бөлісе алатындай етіп жұмысты құру керек.

Шығармашылық үдеріс төрт қосындының болуымен болжанады:

- көркем-эстетикалық қабылдау деңгейі;
- ой арқылы жұмыс істеу біліктілігі, салатын суретті елестету;
- техникалық және бейнелеу дағдыларын меңгеру;
- бейнелеу өнерінің әлемінің тәжірибесін байыту.

Осыған байланысты келесі міндеттер бастау алады:

-шынайы қоршаған ортадан алған әсерлерін бере білуін қалыптастыру: қоршаған әлемді көркем қабылдау, заттар мен құбылыстарды бейнелеу барысында бейнелеу материалдарын (гуашь, акварель, борлар, қарындаштар, фломастерлер, ермексаз және т.б.) таңдау;

-орындау техникасын жетілдіру: заттардың түрін, түсін (реңк), үйлесімділігін; заттар немесе сюжет топтарын бейнелеу барысында композицияны беру біліктілігі;

-техникалық дағдыларды дамыту: дұрыс қалыпты бекіте отырып қолдың саусақтарын жаттықтыру; түрлі техникаларды бейнелеуді игеру: монотипті басу, пальцеграфия, кляксография, гротаж, пластилинография;

-сурет өнері, графика, мүсінші шеберлерінің шығармаларымен таныстыру; сурет өнерінің жанрларын ажырату біліктілігі, көркем-эстетикалық талғамын дамыту.

Толыққанды эстетикалық тәрбиені іске асыру адамға тек кешенді эстетикалық әсер ету барысында ғана мүмкін болады. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру бойынша жұмыстар шығармашылықтың пайда болуына және басқа да іс-әрекет түрлері үшін негіз құрады. Ересек пен бала арасында жеке тұлғаға бағытталған өзара қарым-қатынас барысында сурет салудың шығармашылық жетістігіне жету мүмкін.

Бейнелеу іс-әрекетінің түрлерін кіріктіру – мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын дамыту құралы

Балалардың бейнелеу іс-әрекетін шынайы қоршаған ортаға эстетикалық қатысын, көркем бейнелерді қабылдау барысында жанашырлығын қалыптастыру. Бейнелеу іс-әрекеті процесінде балаларды ойларын іске асыратын, заттарды, құбылыстарды беретін көркем-бейнелі тәсілмен оқыту арқылы дамытатын көркем шығармашылығы қалыптасады. Оқыту балалардың көркем бейнелерді құруға бағытталған және бейнелеу іс-әрекетіне қабілетін дамытуға тығыз байланысты болады.

Көркем бейнелерді қабылдаудың арқасында бейнелеу өнерінде бала шынайы қоршаған ортаны толық және ашық қабылдауға мүмкіндігі болады, және бұл балалардың бейнелеу шығармашылығында эмоционалды бояулы бейнелерді құруға септігін тизідеі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды отбасында және балабақшада сәндік-қолданбалы өнердің заттары, бейнелеу өнерінің шығармаларына баулу өте маңызды.

Баланың жеке бейнелеу іс-әрекеті (оның түрлерінің өзара байланысы барысында) синтетикалық болады, себебі, бала бір мезгілде сюжеттік немесе сәндік сипаттағы жеке композициясын құру барысында түрлі-түсті, пластикалық түрлі тәсілдерді қолданады. Балалар бейнелеу шығармашылығы процесі дизайнерлік іс-әрекет сипатына ие. Бала көркем бейнені беру құралдарымен шектелген. Сондықтан да балада нақты бейнені құру барысында бейнелеу құралдарын таңдау құқы бар бейнелеу іс-әрекеті түрлерінің өзара байланысы қажет.

Сондықтан балаларға өздерінің қабілеттерін көрсетуге, шығармашылық ойларын іске асыруға мүмкіндік беру керек.

Сонымен баланың көркем-шығармашылығын дамыту негізі мыналар болып табылады:

- баланың жеке ұстанымы, өз ойын білдіру ниеті;

- бейнелеу іс-әрекеттеріне қабілеті болуы (оның құрылымына эмоционалды , сенсорика, шығармашыл қиял, түсті, түрді, композицияны сезу, қолдың іскерлігі жатады);

- баланың жеке қатынасы, мәнерлілік құралдарын (көркем, графикалық, әсем, сәндік-сұлбалық) ұнатуы мен таңдауы;

- эмоционалды жанашырлық ахуал, яғни өнердің жеке бөлігіне (доминант) және жинақтау үлгісіне назар аудару:

- 1)музыка, бейнелеу өнері, бейнелеу іс-әрекеті, көркем сөз, (үш деңгейлік үлгі);

- 2)бейнелеу өнері, көркем әдебиет (екі деңгейлік үлгі);

- 3)музыка, көркем әдебиет, театрландырылған іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті (көп деңгейлік үлгі);

- педагогикалық процесс құрылымы мен педагогикалық басшылық әдістері. Бұл өзгеріс педагогтың көмекші ретінде, шығармашылыққа қатысушы рөлін болжайды. Ересек пен баланың бірлескен іс-әрекеті әрбір жас кезеңінде өз қызметін атқаратын (педагог кеңесші, серіктестік рөлінде ерте кезеңдерде және оның мазмұны ересек жас кезеңінде біртіндеп өзгергенде бірлескен шығармашылықта белсендірек рөл) бірлескен шығармашылық сипатта болады.

Барлық жас кезеңдерінде баланың тұлғалық ұстанымы басты болып қалады, және педагог оны назарға алуы керек.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің түрлері

Мектеп жасына дейінгі балалармен бейнелеу әрекеті бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері жүйесі қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын бейнелеуге, бейнені жасауда бейнелеудің қолжетімді құралдарын қолдануға және балалар көркем шығармашылығын дамытуға бағытталады.

Балалардың аталған әрекеттің түрлерін тиімді меңгеруіне, сондай-ақ олардың эстетикалық талғамының дамуына барынша ықпал ететін бала бақшадағы бейнелеу әрекетінің үш түрі: сурет салу, мүсіндеу, жапсырудың тығыз байланысы мен бірлігі негізінде құрылады.

Балалар шығармашылығының дамуының тиімділігі және мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды жан-жақты дамыту төмендегідей жағдайларға байланысты:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеруге бағытталған тәрбиелеу-оқыту процесін құру;

- мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу қабілеттерін тиімді дамытуға мүмкіндік беретін ықпалдастық пен дамыту әрекеттеріне көшу;

- педагогикалық процеске көркем шығармашылық әрекет бойынша түрлі ұйымдастырылған оқу қызметтерін кең ауқымда қосу, балалар шығармашылығына барынша назар аудару және құрметпен қарау, оларды топ бөлмесін безендіруге баулу, балалар өмірін жаңа ойлармен толықтырады, олар үшін эмоционалды саулықтың жағдайын жасайды.

Балалар өз жұмыстарын салыстыра отырып, сол немесе басқа әдістің басымдығына көзін жеткізеді, осылайша олар бейнелеудің үздік құралдарын өдігінен іздеуге дайындалады, ал бұл өз кезегінде балаларды іздеуші сипатымен айрықшаланатын шығармашылық әрекетке дайындайды.

Әдістері мен тәсілдері

Ұйымдастырылған оқу қызметінде кез-келген бала білім, білік және дағдылардың белгіленген көлемін меңгеруі және педагогтың басшылығымен өзбетінше еркін әрекетті қолдануы тиіс.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде техникалық және бейнелеу дағдыларын меңгеру міндеттері шешіледі, бейнелеу өнері әлемімен танысуды бекіту іске асырылады. Аталған жұмысты дарынды балалармен вариативтік бөлімде бейнелеу студиясындағы үйірме есебінен және қосымша сабақтардағы ойын барысында да жалғастыруға болады.

Оқытудың бірлігі мен балалардың шығармашылығын қамтамасыз ету келесі әдістер мен тәсілдер арқылы іске асырылады:

- оқу материалын мазмұндау (ойын, әңгімелесу, саяхат түрінде). Білім беру міндеттерін орындау балалар педагогпен бірлесіп шешетін шығармашылық міндеттер арқылы іске асырылады;

- білім беру процесінде негізгі болып табылатын балалардың практикалық жұмыстары. Көркем бейнелерді жасау балаларды жалпылауға, тұтас бейне жасауға жетелейді;

- балалар мен педагогтың шығармашылық жұмыстарды талқылауы ол балаға тек өз жұмысын бағалауға емес, сондай-ақ басқалардың көзқарасымен бағалауға мүмкіндік береді.

Бейнелеу әрекетінде белгілі тақырыпты жоспарлай отырып, бөлменің заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын да ескеру қажет.

Мысалы, «Цирк» тақырыбы болған кезде оны шығармашылықпен бейнелеу үшін балаларға топта цирк туралы айту керек, әңгімелесу кезінде балалар циркке саяхат жасау арқылы өз ойларымен бөліседі, сайқымазақтардың, жануарлардың суретін салады, ал кейіннен ұйымдастырылған оқу қызметінде шығармашылық таныта отырып, жұмыстарды жасайды яғни суретін салады, мүсіндейді және т.б.

Тақырыптың ерекшелігін ескере отырып ұйымдастырылған оқу қызметін музыка залында (ойын сауық түрінде) өткізуге болады.

Бейнелеу әрекеті бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларға білім, білік, дағдыларды берумен шектелмей әлеуметтік-эмоционалдық дамытуға баса назар аудару қажет. Бейнелеу әрекетінде балаларда дербестік пен шығармашылықтың пайда болуына ынталандыру қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың нәтижелері мыналар:

- бейнелеу әрекетіндегі балалардың белсенділігі мен дербестігі;
- көркем бейнені жасау үшін жаңа әдістерді табу;
- түрлі мәнерлілік құралдары арқылы жұмыстарда өзінің сезімін білдіру.

Бейнелеу әрекетіне үйрету баланың субъектілі ұстанымын, оның дербестігі мен шығармашылығының үнемі өсуін қамтамасыз ететін, қызықтыратын мәселелі ойынды әрекет ретінде құрылуы тиіс. Барлық ұйымдастырылған оқу қызметтері кіріктіру сипатында болады.

Педагогикалық процеске сондай-ақ дарынды балалармен жеке жұмыстар да кіреді. Дарынды балалармен аптасына екі рет үйірме жұмыстарын жүргізуге болады. Онда балалар бейнелеу әрекеті бойынша барынша терең, қосымша білім, білік, дағдыларды игереді, ал ең бастысы шығармашылықпен өз ойын білдіруді іске асыру мүмкіндігіне ие болады.

Дамытушы, бай педагогикалық орта жағдайындағы әрекет балаға қоршаған ортаны мәжбүрлемей тануға, білуге құмарлыққа, қызығушылыққа танығандарын шығармашылықпен бейнелеуге тырысуға ықпал етеді. Өйткені балалар ұйымдастырылған оқу қызметтерінде өздері одан шығуды ойластыруы қажет қызықты жағдаяттарға тап болады. Мысалы, «Бояу патшалығына саяхат» тақырыбындағы жұмыста балалар ғажайып әлемге ену үшін көптеген мәселерді шешеді: патшаның суретін салады (үлгілейді), кемпіркосақтардың көмегімен көпір салады, ребустарды шешеді және т.б.

Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балаларға: Ал сен қалай ойлайсың? Ал сен не істер едің? Мұны сен қалай елестетесің, бейнелеп көрсетші және т.б сұрақтар қойылады.

Әрине балаларды үйретуге болады және үйрету қажет. Бірақ ересектердің көркем техникасына емес, олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа пайымдауға, жаңа кеңістікті ырғақты түсінуге үйреткен жөн. Әрбір сурет балалар мазмұнымен онда баланың алған әсерінің бейнесі, оның бейнелегендеріне өзінің қарым-қатынасымен толықтырылуы қажет. Сондықтан да бейнелеу өнері бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінде қиялға, шығармашылыққа, дербестікке назар аударған жөн.

Балаларда тапсырманы орындауға ниеті пайда болуы үшін ойынға ынтасын қалыптастыруға жұмыстар жүргізу. Мысалы, ойын кейіпкерлерінің (қоян, сайқымазақ және т.б.) қандай да болсын мәселері туралы ойдан құрастырылған оқиғаларды қысқа және шынайы әңгімелеп беруге және оларға көмектесуге ықпал ету.

Мұнда бастысы – ойын кейіпкерлеріне жақсы қарым-қатынасты таныту, оларға қол ұшын беруге баулу және ынтасын ояту. Сонымен бірге балалар ертегі кейіпкеріне жәрдем бергісі келетініне көз жеткізу, оған сенімді жауапты алған соң ғана жұмысты жалғастыру. Мысалы, жапсыру бойынша «Жайлауда» тақырыбындағы ұжымдық жұмыста балалар шопан атаға киіз уйді құруға, малға қора жасауға (қию, жапсыру) көмектеседі. Бала әлсіздердің көмекшісі мен қорғаушысының мейірбан рөлін жаңа нәрселерге үйрену арқылы ғана сомдай алады.

Мұнда ұйымдастырылған оқу қызметі барлық тапсырмаларды толығымен орындауға көмектесетіндей төмендегідей құрылым бойынша жүргізіледі.

I кезең.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің басында міндетті түрде психологиялық көңіл-күй орнату жүргізіледі. Ол әнді немесе әуенді тыңдату түріндегі музыкалық болуы немесе ойын түріндегі балалар үнсіздікпен суреттерді қарайтын немесе ертегіні әңгімелейтін болуы мүмкін.

II кезең. Танымдық:

Мұнда ойын түрінде жұмыстың тақырыбы ашылады, проблемалы жағдай құрылады.

Өткен тақырыпты түсіндіру және қайталау кезінде үлгілер мен алгоритмдер, сызбала мен құрылымдар қолданылады, дамытушы ойындар мен жаттығулар ұсынылады, олар бейнелеу процесін есте сақтауға ғана жәрдемдеспейді сондай-ақ балаларды шығармашылықтың шыңына және жаңаны жасауға деген ниетке жетелеу қажет.

III кезең. Қорытынды.

Жұмыстың соңында ойын өткізіледі немесе ертегіні балалардың салған суреттерімен иллюстрация жасай отырып, аяқтауға болады. Жұмыстың басында құрылған мәселені логикалық қорытындылау процесі жүреді. Балалардың көңіл-күйіне көз жүгірте отырып, психологиялық босаңсытуға жұмыс жүргізуге болады. Мысалы, көңілді ән орындату, дайын жұмыстарды қарау кезінде көңілді немесе бірқалыпты әуендерді тыңдату.

Әрбір жұмысты бағалау оң және жағымды болуы, түзететін ескертулер жұмыс барысында жасалады кейде тіпті ойын кейіпкерімен жасалады.

Жұмыс соңындағы маңызды сәт бұл баланың көңіл-күйі, оның эмоционалдық жағдайы болып табылады. Ол үшін балаға жұмыс ұнады ма, ол өзінің шығармашылығына немесе жұмысына көңілі тола ма қанғаттанады ма осыны білу де өте маңызды. Ол үшін балаларға «көңіл-күй қалташығына» әртүрлі көңіл күйді білдіретін смайликтерді салуды ұсынуға болады. Осылайша педагог балалардың эмоционалдық жағдайын талдайды және қорытынды жасайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымындағы маңызды жұмыстардың бірі саусақ гимнастикасын, бұлшық еттерді босаңсытуға жаттығулар жасау, сергіту сәттерін ұйымдастыру.

Қолдың ұсақ маторикасын дамыту ойындары мен елестету қимыл жаттығуларының ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбымен үйлесуі материалды кең көлемде меңгеруге және шығармашылықты дамытуға ықпал етеді.

Сонымен балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қажетті жағдайлар ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруға шығармашылық тәсіл және осы бағыттағы жұмыстарға түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру келесі қағидалар арқылы іске асырылады:

1.Мақсатқа бағытталған қағида – музыкалық – шығармашылық қабілеттерді дамытуға барлық қажетті жағдайлар жасалғанда ғана, мақсат пен міндеттерге қол жеткізуге болатындығы ескеріледі.

2.Жүйелілік және бірізділік қағидасы – баланың шығармашығын және жеке тұлғасын жан-жақты дамыту жұмысы музыкалық – ойын шығармашылығы негізінде белгілі бір жүйемен, бірізділікпен, кезеңмен жүргізіледі:

- 1 - кезең- алған әсерлерін жинақтау;
- 2 - кезең- шығармашылық бастаманың кенеттен көрінуі;
- 3 - шығармашылық шешімдерді іздестіру;
- 4 - кезең- балалардың дербес іс- әрекеті;
- 5 - кезең- жеке және ұжымдық шығармашылық.

3.Түсініктілік қағидасы – балалардың жас ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, даярлық деңгейлерін ескеру.

4.Оқытудың көрнекілік қағидасы – көрнекілікті пайдаланудың, оны көрсету әдістемесінің дидактикалық мақсаттарын, көрнекіліктің санын және көрсетудің жүйесін ойластыру, көрнекіліктің белгілі бір түрлерінің үйлесімділігі.

5.Кіріктіру тәсілінің қағидасы – балалармен жұмыс жүргізуде әртүрлі формалар мен әдістерді қолдану, кіріктірілген сабақтар өткізу.

6.Тәрбиелеу және дамыта оқыту қағидасы – білім берудің басты міндеттерін: оқыту, тәрбиелік, дамытушылық дұрыс анықтау; мектеп жасына дейінгі балаларда музыкалық мәдениет негіздерін қалыптастыру, түрлі музыкалық-

шығармашылық қызметке сүйіспеншілік пен қызығушылықты тәрбиелеу, шығармашылық қабілетін дамыту.

7.Бейімделу қағидасы – балаларды музыкалық дамытудың әдістерін әр баланың жеке және психо-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты қолдану.

8.Беріктілік қағидасы – қағидаларға қойылатын талаптарды тиімді түрде іске асыруға ұмтылу, алған білімдерді қайталау және бекіту, біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, оларды тәжірибеде қолдану.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шығармашылық қабілеттерді дамытуда мектепке дейінгі жас бай мүмкіндіктерге ие. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту оны жүргізу барысында қорытынды мақсатқа жетуге бағытталған міндеттер шешілетін мақсатқа бағытталған процесті беретін жағдайда ғана тиімді болмақ.

Мектепке дейінгі жас шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін қолайлы кезең болып табылады. Мұнда педагогтың алдында үнемі импровизация жасау міндеті тұр. Бүгінгі күні импровизация жасай білу қасиеті - онсыз баламен жеке тұлғаға бағытталған үлгі негізінде бірлесіп әрекет етуге ықпал ететін, педагогикалық технологияларды іске асыру мүмкін болмағандықтан өзекті болып табылады

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы көп қырлы болғандықтан сол арқылы әрекетке қызығушылықты қолдай отырып, педагог оны жаңғыртуға ұмтылуы қажет. Бейнелеу әрекетіндегі инновациялық құралдарды жабдықтау мен орналастыру баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етеді.

Баланың шығармашылығында оның ішкі әлемі: ол өзі үнемі сезіне алмайтын және білдірмейтін көңіл-күйі, жанашырлығы, қиялы, әуестігі, қызығушылығы бейнеленеді. Бала үшін бейнелеу өз ойын, қоршаған шындық туралы түсініктерді, эмоционалдық күйзелістерді білдіру.

Сондықтан да балалардың өнімді әрекет түрлері олардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортада оларды оң, жағымды қатынасқа баулыған, оларды толғандырған заттар мен құбылыстарды бейнелеуге, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|--|----|
| 1 | Түсіндірме жазба | 3 |
| 2 | Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру | 5 |
| 3 | Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту процесінде қалыптастыру | 12 |
| 4 | Қорытынды | 20 |

*Разработана на базе республиканского центра «Дошкольное детство»
Министерства образования и науки Республики Казахстан*

Рецензенты:

Салиева А.Ж., к.п.н., доцент
Махамбетова М.Ы., заведующая
Дуйсенбенова С.Д., методист

Методические рекомендации по формированию творческих способностей у детей дошкольного возраста / – Астана, 2016. – 40 стр.

В методических рекомендациях предлагается материал по формированию творческих способностей у детей дошкольного возраста в дошкольных организациях.

Данное пособие адресовано работникам системы дошкольного образования.

Методические рекомендации рассмотрены и рекомендованы Научно-методическим советом Республиканского центра «Дошкольное детство» МОН РК (протокол №5 от 5 июля 2016 г.)

Республиканский центр
«Дошкольное детство», 201

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Развитие творческих способностей у детей - сложный и длительный процесс, дети получают первые художественные впечатления, приобщаются к искусству, овладевают разными видами художественной деятельности.

Одним из важнейших факторов творческого развития детей является создание условий, способствующих формированию их творческих способностей. Детское творчество основано на подражании, которое служит важным фактором развития ребенка, в частности, его художественных способностей.

Под творческой деятельностью понимается такая деятельность человека, в результате которой создается нечто новое – будь это предмет внешнего мира или построение мышления, приводящее к новым знаниям о мире, или чувство, отражающее новое отношение к действительности. Результатом творческой деятельности является не воспроизведение бывших в его опыте впечатлений или действий, а создание новых образов или действий. В основе этого вида деятельности лежат творческие способности.

Творческие способности – это индивидуальные особенности качеств человека, которые определяют успешность выполнения им творческой деятельности различного рода. Так как элемент творчества может присутствовать в любом виде человеческой деятельности, то справедливо говорить не только о художественных творческих способностях, но и о технических творческих способностях, о математических творческих способностях.

Проблема развития детского творчества становится все более и более актуальной. Дошкольный возраст наиболее благоприятен для развития не только образного мышления, но и воображения, психических процессов, составляющих основу творческой деятельности.

Цель: оказание методического сопровождения педагогам по формированию творческих способностей у детей дошкольного возраста, повышение их профессионального мастерства.

Задачи:

-определить факторы, способствующие развитию творческих способностей детей дошкольного возраста;

-формировать творческие способности детей дошкольного возраста в воспитательно-образовательном процессе дошкольных организаций.

Ожидаемые результаты:

